

## **БЕКІТІЛДІ**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрлігі Мәдениет  
комитетінің «Қазақстан  
Республикасы Ұлттық  
музейі» РМҚК директордың  
м. а. бұйрығымен № 27- н/қ  
« 07 » 02 2023 жыл

### **Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ҚР МСМ Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК (бұдан әрі - Музей) қызметінде сыбайлас жемқорлықтың орын алуына жол бермеу және оның қызметкерлері арасында жемқорлықтың туындауына нөлдік төзімділікті көтеру мақсатында жасалды.

1. Қоғамдық қарым-қатынас саласының атауы: Мәдениет;

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жасаушының атауы: ҚР МСМ Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК;

3. Қоғамдық қарым-қатынастардың жекеленген саласында жұмыс жасайтын тұлғалардың тәртіп (әрекет) ережелері;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта сөз болатын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру барысында:

- Қазақстан Республикасы Конституциясы, заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сай заңдылық қағидасын басшылыққа алу;

- Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес, мекемеге бекітілген міндеттерді жүзеге асыру;

- Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету, заңмен бекітілген тәртіп пен мерзімде өтініштерді қарау және олар бойынша қажетті шараларды қабылдау;

- Мемлекеттік қызметтерді және өзге де рұқсат етілетін міндеттерді көрсету барысында қарастырылмаған құжаттардың сұратылуына жол бермеу, сол сияқты кез-келген қағазбастылықтан (бюрократиялықтан) аулақ болу;

- Лауазымдық өкілдіктерді орындау барысында әділ және сыртқы әсерлерге тәуелсіз болу;

- Нормативтік құқықтық актілерде сәйкессіздік анықталған және әртүрлі түсінілген жағдайларда өкілетті органға тез арада жеткізу;

- Заманауи талаптарды, көрсетілетін қызметтің тұтынушысы ретінде мәдениет саласындағы мамандардың ұсыныстары мен тілектеріне бейімделе отырып көрсетілетін қызметтің сапасын көтеру бойынша шараларды тұрақты түрде қабылдау;

- Лауазымдық өкілдіктерді орындау барысында азаматтардың жеке өміріне, намысына және абыройына қатысты мәліметтерді жария етпеу және олардан Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген реттерден басқа жағдайларда осындай ақпаратты беруін талап етпеу;

- Кез-келген мүдделер қақтығысының туындауына жол бермейтін шаралар қабылдау.

### **3.2. Өз құзыреті шеңберінде басқару және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау барысында:**

- Мүдделер қақтығысына жол бермеу, ал туындаған жағдайда оларды заңнамаға сәйкес жою бойынша шаралар қабылдау;

- Бақылау шаралары мен шешім қабылдауға қатысты өзге де әрекеттерді жүргізген кезде мәселелерді әділ қарау, шешімді тікелей заңнамаларға сәйкес қабылдау;

- Музей қызметкерінің құзыретіне кіретін шешімдерді қабылдаған кезде, өзінің заңды міндеттерін орындауымен байланысты ешқандай да материалдық игіліктерді, қызметтерді және басқа да жеңілдіктерді қабылдамау;

- Өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттемелерге сәйкес міндеттерін атқару;

- Жеке және заңды тұлғаларға артықшылықтар көрсетпеу, олардың әсерлерінен лауазымдық міндеттемелерін орындау барысында тәуелсіз болу;

- Лауазымдық міндеттемелерді орындау барысында жеке және (немесе) пайдақорлық мүддені ұстанбау;

- Еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін адал, әділ және сапалы орындау.

### **3.3. Нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындауға ұсыныстар енгізген кезде:**

- Нормативті құқықтық актілерді дайындауға ұсыныстар енгізген кезде 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V ЗРК ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңының ережелерін қатаң ұстану;

- Нормативті актілерге өзі және үшінші тұлғалар үшін пайда келтіруі ықтимал ұсыныстар енгізуге жол бермеу;

- Ішкі процедураларды стандарттау;

- Қызметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы, салықтық, монополияға қарсы, санкциялық және басқа да заңнамалардың барлық нормаларына сәйкестігіне тұрақты аудит және тексеру жүргізу.

### **3.4. Басқа қарым-қатынастарда:**

- Мемлекет мүддесіне зиян келтіретін, мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігіне кедергі келтіретін немесе оны төмендететін әрекеттерге қарсы тұру;
- Заңда тәртіптік, әкімшілік болмаса қылмыстық жауапкершілік көзделген әрекеттер мен өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеу, іскерлік этикетті және ресми жүріс-тұрысты сақтау;
- Басқа жұмыскерлердің қызметтік этика ережелерін бұзуының алдын алу немесе жол бермеу бойынша да басқа шаралар қабылдау;
- Ұжымда әріптестердің абыройы мен намысына тиетін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан аулақ болу;
- Басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек қана объективті және шынайы мәліметтер беру;
- Кадрларды тағайындау барысында Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын қатаң сақтау;
- Жарғылық қызметтерді орындау үшін қажетті тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге мемлекеттік сатып алулар жүргізген кезде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасы» талаптарын сақтау.

### **Өзге де шектеулер мен тыйымдар:**

- Жұмыскердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабары болғанда, сол сияқты өзін басқа тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға тарту жағдайлары орын алғанда өзінен жоғары тұрған басшыға, Музей басшылығына, өкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша түрде тез арада хабарлауы тиіс;
- Жеке және заңды тұлғалардан лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты сыйақы (сыйлық, ақшалай сыйақы, қызметтер, ойын-сауықты, демалысты, көлік шығындарын және өзге де сыйақыларды) алуға;
- Жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілдіктерін және осымен байланысты мүмкіндіктерді пайдалануға;
- Мемлекеттік құпияларды, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға;
- Материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;
- Азаматтық қызметтің қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;
- Қызмет бабын Азаматтық қызметке қатысы жоқ мақсаттарда пайдалануға.